

Павлодар қаласы №2 жалпы орта білім беру мектебі

\*\*\*\*\*

**№1**

басылым (2016 жылдың 24 қазанынан бастап шығады)

«Болмасаң да ұқсап бақ...»

(Абай)

\*\*\*\*\*

# КӨЗАЙЫМ

\*\*\*\*\*



**Мектеп газеті назарында:**

Жағымды жаңалықтар легі...  
«Мектепке жол» бағдарламасы жүзеге асырылды.  
Білім жүйесіндегі жаңа бастама.  
Мектебіміздің білім беру сапасы тексерілді.  
ҚР «Тіл туралы» Заңы аясында  
Тілдер апталығы өтті.  
Білім беру мазмұнын жаңарту туралы.

Құттықтаймыз! Еселі еңбек еш кетпейді.  
«Алтын күз» думанды мерекесі.  
Астарың дәмді болсын, балалар!  
Тәрбие тал бесіктен.  
Мұражайдан алған әсер.  
Өз балаңа үлгі бол!  
Мен мектебімді мақтан етемін!  
Сөзжұмбақ шешейік...

## Жағымды жаңалықтар легі

\*\*\*\*\*

### Акция

#### «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ

Биыл республикалық «Мектепке жол» бағдарламасы Қазақстан бойынша 9-шы мәрте өткізілді.

Бұл туралы ОКҚ-де өткен брифингте ҚР Білім және Ғылым министрлігі Балалар құқығын қорғау комитетінің төрағасы Мәншүк Әбдікәрім мәлімдеген болатын. Биылғы акция Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналды. «Мектепке жол» акциясы алғаш еліміздің әр өңіріндегі жас жеткіншектерді жегілген ауыр

жұмыстан босатып, білім ордаларының есігін айқара ашты.

Аталмыш акция барысында жаңа оқу жылына дайындық кезінде №2 орта мектеп бойынша аз қамтылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және көп балалы отбасылардан шыққан 77 оқушыға балаға киім-кешек, оқу құрал-жабдықтарын сатып әперілді. Жалпы құны 320 000 теңгелік нақты көмек көрсетілді. Бұл жолы акцияға «КОРТ» СҮ, қалалық мәслихатының депутаттары Булат Аманжолов және Кабаньян демеушілік етті.

№2 жалпы орта білім беру мектебінің әкімшілігі ауқымды іс-шараға атсалысып, қол ұшын созған қайырымды жандарға зор алғысын білдіреді.

**Әлия МҰХАМЕТЖАНОВА,**  
элеуметтік педагог.

\*\*\*\*\*

### БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БАСТАМА

2016-2017 жаңа оқу жылы тағы бір ауқымды жобаның қабылдануымен ерекшеленді. Яғни, «Жаңа оқыту мазмұнына» көшуге байланысты алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер 5 күндік оқыту жүйесіне көшті. Жаңадан ашылған 1 сыныптар саны биыл – бесеу. Тың реформаның қабылдануына байланысты, сынып жетекшілері арнайы курстардан өтіп, жұмысын жаңа бағытта жалғастыруға ден

қойды.

Ал ұстаздарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Қ.С. Табулова мен А.А. Омарова «Жаңа мазмұнды оқыту жүйесінің ерекшелігі» және «Критериалды бағалау» тақырыптары бойынша дәріс алды.

\*\*\*\*\*

### МЕКТЕБІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

**Жақында мектебіміз 5 жылда бір болатын жоспарлы аттестациялаудан өтті.**

Мұнда арнайы комиссия тобы мектеп директоры орынбасарларының мектептегі білім беру және тәрбие жұмыстары жөніндегі құжаттары, ұстаздардың білім деңгейі және оқушылардың білім сапасын басты назарға алды. Бір жеті бойы жүргізілген тексеріс, ақыры оң нәтижемен аяқталды.

Мектебіміздің білікті ұстаздары:  
М.Ш. Қазанғапова, Т.Қ. Сұлбаев жоғары

дәрежеде ашық сабақтар өткізді. Ал 4, 9, 11 сынып оқушылары бақылау үздігін 65,28%-дық сапалық көрсеткішпен орындап, өз үлгерім деңгейлерінің 90%-дан кем емес деңгейде екендігін іс-жүзінде дәлелдеп берді.

**А.А. ОМАРОВА,**  
директордың оқу-тәрбие жұмысы  
жөніндегі орынбасары.

\*\*\*\*\*

## ҚР «Тіл туралы» Заңы аясында

### ТІЛДЕР АПТАЛЫҒЫ ӨТТІ

Жақында қалалық №2 жалпы орта білім беру мектебінде Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Тілдер апталығы» өтті.

Іс-шараға 1-11 сынып оқушылары қатысып, мектепшілік әдістеме бірлестіктері жетекшілік етті.

Бұл күндері тәрбие сағаттары мен интеллектуалдық сайыстар апталық жоспарға сәйкес, «Тілім – алтын қазынам», «Тілге құрмет – анаға құрмет», «Тіл тағдыры – ел тағдыры», «1001 мақал 101 жұмбақ» тақырыптары бойынша өз мәресіне жетті.

Шара барысында оқушылардың мемлекеттік тілге деген перзенттік құрметі ғана емес, тілді терең меңгеруге деген құштарлығы, тың ой-пікірлері де көрініс тапты.

Аталмыш шараға белсене қатысып, шығармашылық ізденістерімен ерекшеленген шәкірттер Алғыс хаттармен марапатталды.

Айгүл МОЛДАШ.

Облыстық «Ұстаздар» газеті,

15.10.2016 ж..

\*\*\*\*\*

### Ақпарат

#### БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ТУРАЛЫ

Ағымдағы жылдың 10-14 қазаны аралығында Павлодар облысының педагогикалық шеберлік орталығында «Білім беру мазмұнын жаңарту» тақырыбы бойынша мектеп директорларының орынбасарлары апталық курстан өтті.

Оған облыстың әр ауданы мен қалаларынан 25 адам қатысты. Аталмыш шараны өткізуге ұйытқы болған әрі дәріс берген педагогикалық шеберлік орталығының жаттықтырушысы – Қызжібек Абдраманова болды.

Оқыту барысында аға ұстаздар 1 сынып пәндері бойынша бағдарламалар; бастауыш сынып және жоба жұмысы; ықшамсабақты қалай жоспарлау керек; критериалды бағалау моделі; оқу сапасын басқару және мониторинг жүргізу тәрізді тақырып төңірегіндегі тұшымды мәліметтерге қол жеткізді. Дәріс үнемі

тәжірибелік жұмыспен алмасып отырды.

Тыңдаушылар тапсырмалар орындау арқылы сабақта оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыратын түрлі әдіс-тәсілдерді меңгерді. Қызжібек Сатыбалдықызы «Тыңдаушыларға арналған үлестірме материалдар жинағы», «Басшының орынбасарына арналған бағдарлама», «Басшының орынбасарына арналған нұсқаулық», «Бағамдауға арналған тапсырмалар» тәрізді тақырыпқа байланысты, бірақ курстан тыс көптеген қосымша материалдарды да қоса ұсынды.

Қорлығайын ТАБУЛОВА,

№ 2 ЖОББМ оқу-тәрбие

жұмысы жөніндегі

директор орынбасары.

\*\*\*\*\*

### ҚҰЛАҚҚАҒЫС

2016 жылғы 10 қазан мен 2 қараша аралығында «Жас білімпаз» республикалық қашықтық олимпиадасы жалғасуда.

2016 жылдың 28-ші қазанында 3-10 сыныптар аралығында «Ақбота» республикалық интеллектуалдық марафоны өтеді.

**Құттықтаймыз!**

## **ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ЕШ КЕТПЕЙДІ**

Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов өсіп келе жатқан жас ұрпаққа сапалы білім беру және тәрбиелеу ісіндегі жемісті нәтижелері үшін және Ұстаздар күніне орай павлодарлық ұстаздарды құттықтап, алғыс білдірді.



Сонымен қатар марапатқа ие болғандар арасында №2 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Майгүл Бушумбаева «Алғашқы ұстаз» номинациясы бойынша, әлеуметтік педагог Әлия Мұхаметжанова және математика мұғалімі Айнұр Қапезқызы Наманаева (қалалық білім беру бөлімінен), сондай-ақ №2 орта мектебі жанындағы шағын орталық тәрбиешісі (қалалық білім беру бөлімінен) Райхан Ыдырысова Дипломдар мен бағалы сый сияпаттарға ие болды.

\*\*\*\*\*

## **ЖЕҢІСІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫҢ, АИДА!**

Таяуда «Таеквондо Ким Сонг Су» спорт мектебінде Таеквондо /WTF/ бойынша 30 кг салмақтағылар арасында Ашық Чемпионат өтті. Бұл сайыста №2 орта мектебінің 4 «ә» сынып оқушысы Таукенова Аида I орынға ие болып, жеңімпаз атанды. Спортшы шәкіртімізге зор денсаулық, жүлделі жеңістер тілейміз!

\*\*\*\*\*



**Мерекелік думан**

**СӘЛЕМ САҒАН, «АЛТЫН КҮЗ»!**

**19-21 қазан күндері арасында мектептің мәжіліс залында «Сәлем саған, Алтын күз» атты сайыс кеші өтті. Оған 1-11 сынып оқушылары қатысты.**

Сайыс: I. «Алтын күз» көрмесі; II Қабырға газеттерінің байқауы; III «Флешмоб» тақырыптары бойынша жеңімпаздарын анықтады.




\*\*\*\*\*



\*\*\*\*\*

## Қабырға газеттерінің көрмесі



## «Алтын күз» шеберлер көрмесі



\*\*\*\*\*

Байқауда оқушылар асқан тапқырлығымен, шығармашылдығымен, белсенділігімен ерекшеленді. Олардың әр кезеңге лайықты өтуіне сынып жетекшілері, сыныптастары да атсалысты. Өнерлі өрендердің сан түрлі

туындылары мен өнерлері көрермендерін бұл жолы да бей-жай қалдырмады.

Әділ қазылар алқасы таланттылар алааманының қорытындысын шығарды. Барлық жеңімпаз топтар түрлі номинациялар бойынша Мақтау қағаздарымен марапатталды.

**Ә.МҰХАМЕТЖАНОВА,**  
элеуметтік педагог.

Ас – адамның арқауы

## АСТАРЫҢ ДӘМДІ БОЛСЫН, БАЛАҚАЙЛАР!



Мектептің шағын асханасы алғашқы оқу күні басталысымен-ақ, қызу жұмысқа кірісті.

Асхананы жалға алушы жеке кәсіпкер Гаухар Молдабаева мен қарамағындағы аспаз апайлар: Рысхан Мүлік, Қапия Молдабаева, Татьяна Литвинец, Бахыт Жаукенова және Әсел Бейсенбаева оқушыларды екі ауысымдық кесте бойынша нәрлі тағаммен қамтамасыз етеді.

Ас мәзірі: палау, қуырдақ, манты, түйілген картоп, күріш және бұршақ ботқасы мен котлет, кеспе және т.б. болып күнделікті өзгертіліп отырады.

Оған қоса, мектеп оқушылары тоқаш, картоп немесе орамжапырақ қосылған бәліш, самса, пицца, тағы да басқа буфеттік тағамдар мен шай, шырын, компот сияқты сусындарды қолжетімді бағамен тұтына алады. Мұнда оқушылар ғана емес, мектеп ұстаздары да күнделікті аухаттанып отырады.

Бәрінен бұрын, асхананың тазалық деңгейі мен аспаз апайлардың кішіпейілділігі қуантады.

Айгүл МОЛДАШ.

Көңілді демалыс

### САХНАДА - «АЛЫП ҚУЫРШАҚТАР»

Кеше, Естай атындағы қалалық мәдениет сарайында «Динозаврлар құпиясы» алып қуыршақтардың қойылымы көрсетілді. Мега-сауық қойылымын №2 ЖОББМ-нің бастауыш сынып оқушылары да тамашалады.



## Этникалық мәдениет айлығы

### ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН

Аталмыш шара мектептегі 1-11 сыныптар аралығын қамтыды. Мақсаты: қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани адамгершілік, экономикалық және зияткерлік мәдениетті, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстану бағыттарын жетілдіру болды. Іс-шаралар барысында: « Сен мемлекеттік рәміздерді білесің бе?» тақырыбында Ә.Мұхаметжанованың

жетекшілігімен сауалнама жүргізіліп, «Діни экстремизм: ықтимал қауіп-қатерді бағалау» атты дөңгелек үстел (М.Батталовамен), «Қолөнер» үйірмесінің көрмесі (сынып жетекшілерімен), Қарттар күніне арналған «Қарты бар ел – қазыналы ел» және «Мейірімді жүрек» (аға тәлімгер, сынып жетекшілерімен) мерекелік концерттері өз мәресіне жетті.

### Таным көкжиегі

### МҰРАЖАЙДАН АЛҒАН ӘСЕР

Жақында №2 ЖОББМ-нің 4 «ә» сынып оқушылары қала орталығындағы «Д.П.Багаев үй-мұражайында» болып, павлодарлық танымал талантты фотографтың қиын да қызықты өмір тарихы мен шығармашылығымен танысты.



\*\*\*\*\*

Аталмыш мұражай Ленин көшесіндегі 200-ші үйде орналасқан.

Мұражай шағын төрт бөлмеден тұрады. Оқушыларға мұражай экскурсоводы әр бөлмедегі тарихи құнды жәдігерлерді: Дмитрий Поликарпович пен әйелінің киген киімдерін, тұтынған ыдыс-аяқтары мен жиһаздарын түрлі шетелдік және отандық маркалы фотоаппараттар жиынтығын және алғашқы шыққан жазу машинкаларының үлгілерін таныстырып, әрқайсысы туралы жеке-жеке баяндап берді.

Экскурсия соңынан, оқушылар мұражай қызметкерлерінің рұқсатымен суретке түсіп, мектепке көңілді оралды.



\*\*\*\*\*



## Ұлттық педагогика тағылымынан...

Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала.

Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің.

Ағайынға қарап бала өсер,

Қарағайға қарап тал өсер.

Ата балаға сыншы.

\*\*\*\*\*

Атаныңкөңілібаллада,

Баланың көңілі далада.

Ұлың өссе, ұлы жақсымен,

Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас

бол.

## Конференция

### ӨЗ БАЛАҒА ҮЛГІ БОЛ!

№2 ОМ-де XI ғасыр ата-аналарының «Өз балаңа үлгі бол!» тақырыбындағы «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» республикалық ата-аналар конференциясы өткізілді.

**Мақсаты:** отбасы мүшелері арасындағы өзара сыйластық, мейірім, жауапкершілік, қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, жаман әдеттерден жеріндіру, мектеп пен ата-ана, оқушы арасындағы байланысты нығайта түсу.

Алқалы жиынды мектеп басшысы Надежда Асылбекова құттықтаумен ашты.



\*\*\*\*\*

Надежда Бәкібайқызы мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың берік іргетасын қалау маңыздылығын тілге тиек етті. Павлодар қалалық білім бөлімінен Шолпан Қайырғазина сөз сөйледі. Шолпан Шаханқызы өскелең ұрпақтың еңбек және зияткерлік әлеуеті мен отандық мүддені дамыту міндеті еліміздің мемлекеттік саясатының ең маңызды міндеті екеніне баса тоқталды.

Отбасылық тәрбиелеу институты конференцияға қатысушы барлық ата-аналарға жақсы көңіл-күй мен

балаларына сенімді сүйеніш бола білулеріне тілектестік білдірді. Мектеп психологы мектеп өміріне бейімделу кезеңінен қиындықсыз шығуға арналған толық, мазмұнды мәліметтер ақыл-кеңестерін ата-аналардың назарына ұсынды. Бейнефильмдер көрсетіліп, конференция соңынан арнайы ақпараттық кітапшалар таратылды.

**Айгүл ТОҚЖІГТОВА,**  
Бастауыш мектеп психологы.

\*\*\*\*\*

## «КӨЗАЙЫМ» қоржынынан...

### МЕН МЕКТЕБІМДІ МАҚТАН ЕТЕМІН

№2 орта мектебінің негізі қаланғанына 50 жылдан асыпты. Осы уақыт аралығында ол мыңдаған шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, болашақтарына жолдама берді.


Мектебіміздің бірінші қабатындағы қабырға бұрышынан «үздіктер» мен «екпінді» оқушылардың суреттерін көруге болады. Бұдан олардың білім ордасының мақтанышы екенін аңғаруға болады.

Мұндағы әр сыныпта пәндер бойынша оқушылардың үлгеріміне жауапты «білім министрі», «спорт министрі» т.б. бар. Әрбір атаулы күнге, мектептің оқу-тәрбие жұмысының бағдарламасына сәйкес әртүрлі байқаулар мен сайыстар, олимпиадалар өткізіліп тұрады. Оқушылар мұнда мол тәлім-тәрбиемен қоса, өздерінің шығармашылық өнерлерін де шыңдай алады. Меніңше, бұл - ұстаздарымыздың тиісті білім бағдарламасын шәкірттеріне шынайы ықыласпен зейін қойып үйрете білетіндігінің айғағы деп ойлаймын.

**Аружан МЫРЖИКОВА,  
10 «ә» сынып оқушысы.**

\*\*\*\*\*

### Сөзжұмбақ шешейік...



1. Біздің Отанымыз.
2. Еліміздің бас қаласы.
3. Қазақстан Республикасының президенті.
4. Мұғалім.
5. Жыл мезгілі.
6. ҚР Мемлекеттік рәміздерінің бірі.
7. Өзен.
8. Алға қарай.
9. Мектептің мақсаты.

**Құрастырған: 4 «ә» сыныбының  
оқушысы Санжар ҚАНАТБЕК.**

## **ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР, АТА-АНАЛАР, ОҚУШЫЛАР!**

Биыл мектебімізде 2016-2017 оқу жылының басталуымен қатарласа, «Жас қаламгерлер» үйірмесі де ашылған болатын. Үйірме жұмысы талантты шәкірттердің шығармашылық қабілетін шыңдауға бағытталған.

Сонымен қатар, үйірме жанынан ашылған «КӨЗАЙЫМ» ақпараттық және әдеби-шығармашылық, мектепшілік газеті мектеп өміріндегі барлық маңызды ақпарат, жаңалықтарды, ұлттық педагогика тұрғысынан берілетін тәрбиелік-тағылымдық, танымдық дүниелерді жинақтап, жарыққа шығарумен айналысатын болады.

«КӨЗАЙЫМ» сөзі екі түрлі мағынаны білдіреді. Бірі – «ең қадірлі, ең аяулы, ең сүйкімді жан» болса, екіншісі – «хабардар болыңыз» деген ұғымда айтылады. «Ата-әжесінің көзайымы», «көзайым болыңыздар» деген сөздер қайсысымызға болмасын жат емес деп ойлаймын. Жалпы, газетіміздің келбеті мектептің техникалық жағдайына байланысты қарапайым көрінгенімен, өз оқырмандарына ұсынар жағымды жаңалықтары мен көз қуантып, таңдай қақтырар тамашасы аз болмас деген ниеттеміз. Газетіміз айына бір рет шығады. Бағасы: 50 теңге.

## **АЛЫҢЫЗДАР, ТАМАШАЛАҢЫЗДАР, ОҚЫҢЫЗДАР!**

Ал «Жас қаламгерлер» алқасын алғашқы шығармашылық жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймын!

**Үйірме жетекшісі:  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі  
Айгүл МОЛДАШ.**

### **«ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР» алқасы:**

**Аружан МЫРЖИКОВА, 10 «ә» сыныбы  
Санжар ҚАНАТБЕК, 4 «ә» сыныбы  
Серікжан ӨСЕРБАЙ 9 «а» сыныбы  
Амантүр МАМАНОВ 10 «а» сыныбы  
Сабина КАРИМОВА, 7 «ә» сыныбы  
Айгерім БАЗАРБЕК, 7 «ә» сыныбы.**